

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.09.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/82003/>

<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары</b> (оқу бағдарламасына сілтеме)	<b>5.5.2.3.</b> Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығару (мысалы, бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер).
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	Мәтін есептер шығару дағдысын қалыптастыру (мысалы, бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептердің шартын түсініп).
<b>Бағалау критерийлері</b>	Мәтін есептер шартын түсініп, қысқаша шартын жаза алады (мысалы, бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер); Есеп шарты бойынша теңдеу немесе өрнек құрай алады; Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдана алады;
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Оқушылар — мәтін есептердің шешімін түсіндіреді; — практикалық есептердің математикалық моделін сипаттайды <u>Пәнге тән лексика мен терминология:</u> — бөлік; — шама; — жылдамдық, уақыт, қашықтық; — уақыт, өнімділік, жұмыс; — баға, саны, құн; — ұзындық, ені, периметр, аудан
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Топпен жұмыс істей білуге, ұжымдылыққа, шыдамдылыққа, жауапкершілікке, әділдікке тәрбиелеу.
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	жаратылыстану
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Инт тақта
<b>Бастапқы білім</b>	Мәтін есептер , теңдеулер, өрнек құру

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Ширату жаттығуы Жауабы: 21 Өткен тақырыпты қайталау: <b>Жеке тапсырма:</b> Цистернаны бензинмен бірінші насос 24 минутта толтырса, екінші насос 40 минутта толтырады. Екі насосан қатар аққан бензинмен цистерна қанша уақытта толтырылады? <b>Дескриптор: Білім алушы</b> — есептің шарты бойынша математикалық өрнек құрастырады; — жұмыс өнімділігін анықтайды; — арифметикалық амалдар қолданады; — жауабын жазады. <b>Үй жұмысын тексеру №581</b> Жауабы: Сабақтың кезеңдерімен, мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстыру.</p>	
Сабақтың ортасы 25 мин.	<p>Оқулықпен жұмыс №583, №585 №583. Катер тынық сумен жүзе отырып бір кемежайдан екінші кемежайға дейін 18 мин, қайық 36 мин жібереді. Егер олар бір мезгілде қарама-қарсы бағытта жүзсе, қанша минуттан кейін кез деседі? Дескриптор: Білім алушы — жылдамдықтарды анықтау үшін өрнек құрастырады; — бөлшектерге амалдар қолданады; — есептің шешімін табады. №585. Бірінші тігінші жұмысты 20 күнде орындайды, ал екінші тігіншіге осы жұмысты орындау үшін бірінші тігіншінің уақытының <math>\frac{3}{5}</math>-і қажет, үшіншіге екіншіге қарағанда 2 есе артық уақыт қажет. Осы жұмысты үш тігінші бірігіп қанша күн де бітіреді?  Дескриптор: Білім алушы — есептің шарты бойынша математикалық өрнек құрастырады; — жұмыс өнімділігін анықтайды; — арифметикалық амалдар қолданады; — жауабын жазады. Сергіту сәті №586. Аква риумге су екі құбыр арқылы жіберілсе, ол 5 сағ-та, ал бірінші құбыр арқылы 6 сағта толады. Аква риум тек екінші су құбыры арқылы қанша уақытта толады?  №587. Екі трактор жерді 6 сағ жыртады. Сол жерді бірінші трактор жалғыз жыртқанда 15 сағ жұмса, екінші трактор осы жұмысқа қанша уақыт жібереді?</p>	
Сабақтың соңы 5 мин.	<p><b>Сабақты қортындылау Рефлексия.</b> Мұғалім сабақты сұрақ-жауап арқылы оқушылардың өзіне қортындылатып, рефлексия жүргізеді <b>Үй жұмысы: №584</b></p>	

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.